

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

16 мамыр 2024 жыл

KASE 2024 жылдың сәуіріндегі биржалық нарық жұмысының қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылдың сәуіріндегі қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- 2024 жылдың сәуірінде KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 32,9 трлн теңгені құрады және наурызбен салыстырғанда 26,4 %-ға немесе 6,9 трлн теңгеге өсті.
- Сәуір айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,3 %-ға төмендеп, 5 011,59 тармақты құрады.
- Сәуір айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 1,1 %-ға 30,5 трлн теңгеге дейін төмендеді, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,8 %-ға 13,6 трлн теңгеге дейін ұлғайды.
- Сәуірде листинг процедурасынан екі жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары және KASE Global секторының бір жаңа эмитентінің акциялары өтті.
- 2024 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 250 эмитенттердің 679 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.

ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылдың сәуірінде KASE-нің қатысуымен мынадай іс-шаралар өткізілді:

- "KASE Insight" жобасы аясында KASE алаңында "Алматы қаласының экология проблемалары және шешу жолдары" тақырыбында семинар өткізілді, онда экоактивист және қоғам қайраткері Евгений Мухамеджанов сөз сөйледі. Айта кетейік, KASE соңғы бірнеше жыл бойы ESG-тақырыбы және жауапты инвестициялау, қаржылық сауаттылық, ШОБ қолдау бағдарламасы және "Орнықты қор биржалары" БҰҰ бастамасына қосылу аясында ESG-облигацияларын шығару бойынша жергілікті және халықаралық сарапшыларды тарта отырып, оқыту семинарларын өткізуде.
- KASE Agence Française de Développement (Францияның даму агенттігі – AFD) өкілдерімен кездесу өткізді, оның аясында орнықты даму қағидаттарын ілгерілету жөніндегі одан арғы ынтымақтастық перспективалары талқыланды және Қазақстанның қор нарығының инфрақұрылымы, елдің қор нарығының даму трендтері және Биржаның ағымдағы жобалары көрсетілді.
- "KASE клиринг орталығы" АҚ (КАСС) және "Еуразиялық сауда-саттық жүйесі" тауар биржасы" АҚ (бұдан әрі - ЕСЖ биржасы) өзара түсіністік туралы меморандум жасасты, оның мақсаты КАСС-қа есеп айырысу-клирингтік сервис қызметтерін ұсыну мүмкіндіктерін анықтау және "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында ЕСЖ биржасының және ЕСЖ Тобы құратын көпжақты сауда-саттық алаңының мерзімді нарықтарын қоса алғанда, тауар деривативтерінің нарығына қызмет көрсету үшін бірыңғай клирингтік орталық функцияларын жүзеге асыру болып табылады. Нарыққа қатысушылар үшін

бірыңғай клирингті пайдалану қаржы және тауар нарықтарын әмбебаптандыруға қызмет етеді.

Бизнеске арналған іс-шаралар

KASE онлайн-іс-шара – "Қазақтелеком" АҚ Эмитен күнін өткізді, онда телекоммуникациялық ұйымның басшылығы "Қазақтелеком" компаниялар тобының 2023 жылғы қаржылық қызметінің негізгі нәтижелері туралы айтып, инвесторлардың, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және БАҚ-тың сұрақтарына жауап берді.

Оқыту іс-шаралары

KASE Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілетін жыл сайынғы 16-шы KASE "Биржалық симулятор" конкурсының салтанатты онлайн-ашылу рәсімін ұйымдастырды. Конкурс "KASE Mobile" мобильді қосымшасы арқылы өткізіледі, онда қатысушылар 60-тан астам құралға инвестиция салуға және жергілікті компаниялардың ғана емес, халықаралық танымал брендтердің акцияларын сатудың практикалық дағдыларын алуға мүмкіндік алады. Конкурс 2024 жылдың 31 мамырына дейін өтеді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылдың сәуірінің қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 30,5 трлн теңгені (69,0 млрд USD) құрады, бұл өткен аймен салыстырғанда 346,2 млн теңгеге немесе 1,1 %-ға төмен.

Сәуір айында акциялармен сауда-саттық көлемі 21,5 млрд теңгені құрап, наурызбен салыстырғанда 61,5 %-ға немесе 8,2 млрд теңгеге ұлғайды. Сәуір айында акциялардың сауда-саттығы тек қайталама нарықта өтті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 976,5 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 5 866 мәміле, бір мәміленің орташа көлемі – 166,5 мың теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 63,0 %, банктердің үлесіне – 2,0 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 19,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,4 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 13,0 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 5,9 %-ды құрады.

KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні сәуірде 1,3 %-ға төмендеп, айдың соңына қарай 5 011,59 тармақты құрады.

Сәуірде индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 11,9 млрд теңгені құрады, бұл наурыз айындағы көрсеткіштен 603,5 млн теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Эйр Астана" АҚ жай акцияларына тиесілі болды – 2,0 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 16,9 %).

KASE Индексінің өкілеттік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акция үшін теңге			Сауда-саттық көлемі *, млн теңге		
		01.05.24	01.04.24	Δ, %	сәуір	наурыз	Δ
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	12 999,00	12 105,00	+7,4	1 527,1	605,0	+922,0
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 571,00	1 506,97	+4,2	805,2	1 923,1	-1 117,9
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	218,29	212,94	+2,5	1 940,8	2 162,8	-222,0
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	834,00	830,00	+0,5	317,8	349,8	-32,0
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 492,00	1 485,00	+0,5	966,9	664,5	+302,4
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 300,00	18 301,11	-0,01	871,6	737,5	+134,0

"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	35 200,00	35 500,00	-0,8	1 109,8	143,6	+966,2
"Kcell" АҚ	KCEL	3 026,59	3 166,00	-4,4	1 275,2	625,7	+649,5
Kaspi.kz АҚ	KSPI	52 999,99	57 500,00	-7,8	1 100,9	1 057,3	+43,7
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	955,51	1 062,00	-10,0	2 015,2	3 057,7	-1 042,5

Сәуір айының қорытындылары бойынша мұнай-газ секторы өкілі **"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ** жай акциялары ең көп өсуді көрсетті, олар әлемдік тауар нарықтарында мұнай бағасының өсуі аясында бағада 7,4 %-ға өсті.

Өсу қарқыны бойынша екінші орында **"Банк ЦентрКредит" АҚ** жай акциялары тұр, олар бағаға 4,2 % қосты. Сонымен қатар, банк акционерлері жылдық жалпы жиналыста банктің 2023 жыл үшін аудиттелген жылдық есебін бекіту және банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу, ал 2023 жылғы 135,2 млрд теңге сомасындағы таза кірісті бөлінбеген пайда шотында қалдыру туралы шешім қабылдады.

Көшбасшылар үштігін 2,5 % өсіммен **"Қазақстан Халық банкі" АҚ** жай акциялары жабады. Банк "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ депозиті түрінде Қазкоммерцбанк алған мемлекеттік қолдаудың 250 млрд теңге мөлшерінде мерзімінен бұрын толық қайтарылғаны туралы хабарлады. Бұдан басқа, банк "Халық Банк Қырғызстан" ААҚ-ның 100 % акциялары сатылғаны туралы хабарлады. 2024 жылдың 25 сәуірінде банк акционерлері жылдық жалпы жиналыста банктің 2023 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша жалпы сомасы 277,7 млрд теңгеге бір жай акцияға 25,43 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

Сәуір айының қорытындысы бойынша телекоммуникация секторы қызыл аймаққа тап болды. **"Қазақтелеком" АҚ** жай акциялары бағасында 0,8 %, ал **"Kcell" АҚ** жай акциялары – 4,4 % жоғалтты. **"Қазақтелеком" АҚ-ның** 2023 жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес компанияның кірісі 2023 жылы тіркелген және ұялы байланыс сегменттеріндегі кірістің өсуі есебінен 53,3 млрд теңгеге ұлғайып, 687,8 млрд теңгеге жетті. Компанияның 2023 жылғы таза пайдасы 104,4 млрд теңгені құрады.

Қаржы секторы өкілі **Kaspi.kz АҚ** акциялары 7,8 %-ға төмендеді. 2024 жылдың 08 сәуірінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2023 жылға бір жай акцияға 850 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. **Kaspi.kz АҚ-ның** қаржылық нәтижелеріне сәйкес 2024 жылдың бірінші тоқсанында компанияның түсімі мен таза пайдасы тиісінше 40 % және 28 %-ға ұлғайды.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Сәуірдің аяғында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің акцияларының 46 атауы және 11 ETF болды.

"KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі сәуірде 2,2 млрд теңгені құрап, наурызбен салыстырғанда 15,6 %-ға немесе 408,8 млн теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 100,9 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 346, бір мәміленің орташа көлемі – 291,6 мың теңгені құрады.

"KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны 2024 жылдың сәуірінде мынадай акциялармен жасалды:

- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 151,8 млн. теңгеге 846 мәміле;
- Apple Inc. (AAPL_KZ) – жалпы сомасы 123,6 млн. теңгеге 592 мәміле;
- Pfizer Inc. (PFE_KZ) – жалпы сомасы 56,3 млн. теңгеге 589 мәміле;
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 50,2 млн. теңгеге 582 мәміле;
- The Coca-Cola Company (KO_KZ) – жалпы сомасы 71,9 млн. теңгеге 581 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 51,8 %-ы жеке тұлғаларға, 40,5 %-ы брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 7,7 %-ы өзге де заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,3 %-ды құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Сәуірде айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 0,8 %-ға немесе 106,5 млрд теңгеге ұлғайып, 13,6 трлн теңгеге дейін (30,7 млрд USD) жетті.

2024 жылдың сәуірінің аяғында KASE ресми тізімінде 115 эмитенттің 420 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Сәуірде KASE ресми тізіміне тоғыз эмитенттің (екі жаңа) он бір корпоративтік облигацияларының шығарылымы: "Home Credit Bank" АҚ және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ екі шығарылымы және "ASIA PARK" ("АЗИЯ ПАРК") ЖШС, "BASS Gold" ЖШС, "Orbis Leasing" ЖШС, "Авеста-Караганда" ЖШС, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, **"MyCar Finance" МҚҰ" ЖШС, "Сапфир Инвест" ЖШС** бір шығарылымы енгізілді. Сәуір айында айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен облигациялардың жеті шығарылымы: "BASS Gold" ЖШС екі шығарылымы және "Bereke Bank" АҚ, "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ және "Банк ЦентрКредит" АҚ бір шығарылымы алынып тасталды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні сәуірде 22 б.т. төмендеді және айдың соңында жылдық 13,97 % құрады.

Сәуірде KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемінің төмендеуі есебінен наурызбен салыстырғанда 2,7 %-ға немесе 3,1 млрд теңгеге төмендеп, 111,8 млрд теңгеге дейін түсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 5,1 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 289 мәміле (қайталама нарықта – 278 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 17,6 млн теңгені (қайталама нарықта – 10,3 млн теңге) құрады.

Сәуірде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 49,1 млрд теңгені құрады және наурызбен салыстырғанда 48,1 %-ға немесе 45,4 млрд теңгеге төмендеді:

- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ жылдық 5,50 %-бен және тоғыз айдан бір жылға дейінгі өтеу мерзімімен облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 58,3 млн АҚШ долларын (25,9 млрд теңгеге балама) тартты;
- "BASS Gold" ЖШС жылдық 12,00 %-бен екі жылдық облигацияларды орналастырып, 8,5 млн АҚШ долларын (3,8 млрд теңгеге балама) тартты;
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ жылдық 12,28 % - 12,35 % өтеуге және бір жылдан аз өтеу мерзімімен орташа сараланған кірістілігі бар облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 10,0 млрд теңге тартты;
- "Birinshi Lombard" ЖШС жылдық 24,00 %-бен өтелетін және бір жылдан аз өтеу мерзімімен облигацияларды орналастыра отырып, 699,8 млн теңге тартты;
- "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ жылдық 20,00 %-бен екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 5,6 млрд теңге тартты;
- "Orbis Leasing" ЖШС жылдық 20,50 %-бен және бір жыл дейінгі өтеу мерзімімен облигациялар орналастыра отырып, 1,4 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 64,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 15,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 2,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 16,8 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,8 %-ды құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі сәуірде наурызбен салыстырғанда 3,1 есе немесе 42,4 млрд теңгеге ұлғайып, 62,8 млрд теңгеге дейін жетті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 12,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 5,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 10,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 61,1 %, жеке тұлғалардың үлесі – 10,5 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 18,2 %-ды құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы сәуірде 3,0 %-ға немесе 720,3 млрд теңгеге ұлғайып, 24,9 трлн теңгені (56,4 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жалпы көлемі 789,5 млрд теңгені құрады және наурызбен салыстырғанда 53,2 %-ға немесе 274,3 млрд теңгеге ұлғайды. Сәуірдің қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 35,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 7,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 16 (қайталама нарықта – 9), бір мәміленің орташа көлемі – 2,3 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,9 млрд теңге) құрады.

МБҚ-ның бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 46,0 %-ға немесе 194,1 млрд теңгеге өсіп, 616,2 млрд. теңге дейін жетті. Барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға тиесілі болды. Барлығы жылдық 10,74-12,25 %-бен және 1,0 жылдан 15,9 жылға дейін дейінгі өтеу мерзімімен облигациялардың он алты шығарылымы орналастырылды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесіне 34,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 64,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 0,9 % тиесілі болды. МБҚ-ның бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,3 %-ды құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 86,1 %-ға немесе 80,2 млрд теңгеге өсті және 173,4 млрд. теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 49,4 % немесе 85,6 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 49,3 % немесе 85,5 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,1 % немесе 210,4 млн теңгені құрады. Қалған 1,2 % немесе 2,1 млрд теңге көлемі шетелдік мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ Қаржы министрлігінің, Австрияның, Түркияның және Оман Сұлтандығының облигациялары) жасалған мәмілелерге тиесілі болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде МБҚ қайталама нарығында банктердің үлесіне 65,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 0,4 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 32,6 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,2 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 5,3 % болып бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2024 жылдың сәуірінің аяғында KASE сауда-саттық тізімдерінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 74 шығарылым облигациялары: Азия даму банкінің 12 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 34 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 17 шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы болды.

2024 жылдың сәуірінде айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Еуразиялық даму банкінің облигацияларының бір-бір шығарылымы KASE ресми тізімінен шығарылды.

Сәуірде халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 74,9 %-ға немесе 58,6 млрд теңгеге төмендеп, 19,7 млрд теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 18,2 млрд теңгені құрады және наурызбен салыстырғанда 76,7 %-ға немесе 60,0 млрд теңгеге төмендеді. Еуразиялық даму банкі облигациялардың үш шығарылымын жылдық 13,00-13,40 %-бен және 0,3 жылдан бір жылға дейінгі өтеу мерзімімен орналастырып, барлық көлемді тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 58,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 34,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 6,9 % құрады. ХҚҰ-ның бастапқы нарығына бейрезиденттер қатыспады.

2024 жылдың сәуірінде қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 1,4 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 28,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 21,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 23,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 27,8 %. Бейрезиденттердің қатысуы 21,4 % болып бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2024 жылдың 01 мамырында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның және алты ETF басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 17 құралы болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 921,0 млн теңгені құрады және наурызбен салыстырғанда 35,4 %-ға немесе 241,0 млн теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 55,8 % жеке тұлғаларға, 23,0 % - брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 21,1 % - өзге де заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 9,0 %-ды құрады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "Forte Bank" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДК) болды.

2024 жылдың сәуірінде сауда-саттық көлемі 118,1 млн теңгені құрап, наурызбен салыстырғанда 34,2 %-ға немесе 61,5 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде жеке тұлғалардың үлесіне 71,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 28,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 0,1 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-ды құрады.

ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың сәуірінде KASE-де шетел валютасы нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 32 мүшесі қатысты.

Сәуірде шетел валютасы нарығындағы сауда-саттық көлемі наурызбен салыстырғанда 21,2 %-ға немесе 494,8 млрд теңгеге өсіп, 2,8 трлн теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 128,8 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 828, бір мәміленің орташа көлемі – 155,6 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де сатылатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтіріледі (Жақшада өткен айға көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілеле р саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін бағаланатын валютаның саны	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	5 281,7 (+31,3 %)	83,1 % (+5,8 %)	14 426 (+5 062)	440,55-450,00	442,05 (-1,1 %)
RUB/KZT	31 517,2 (-4,1 %)	5,3 % (-1,5 %)	3 056 (+618)	4,7289-4,8600	4,7393 (-2,1 %)
CNY/KZT	279,3 (+45,2 %)	0,6 % (+0,1 %)	140 (+13)	60,7800-61,9300	60,8470 (-1,8 %)
EUR/KZT	63,5 (x4,1)	1,1 % (+0,8 %)	295 (+212)	472,86-486,97	473,22 (-1,9 %)
EUR/USD	108,5 (+62,6 %)	1,8 % (+0,4 %)	162 (+38)	1,0620-1,0868	1,0733 (-0,5 %)
USD/CNY	507,5 (-27,9 %)	8,0 % (-5,6 %)	131 (-19)	7,2401-7,2760	7,2533 (-0,1 %)
EUR/CNY	–	–	–	–	(–)

АҚША НАРЫҒЫ

Сәуірде ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 29,1 трлн теңгені құрады, ол наурыз айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 26,8 %-ға немесе 6,2 трлн теңгеге өсті.

12 сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. дәлізімен жылдық 14,75 % деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Бір жұмыс күніне ашық USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа сараланған мәнін білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 13,10 %-дан 13,65 %-ға дейін 55 б.т. ұлғайды.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Сәуірде репо операцияларының жиынтық көлемі 21,6 трлн теңгені құрады, бұл наурыз айындағы көлемнен 3,9 трлн теңгеге немесе 21,9 %-ға жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 981,4 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 762, бір мәміленің орташа көлемі – 1,3 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 15,3 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 70,8 %-ын, МеБҚ-мен авторепо – 6,3 трлн теңгені немесе 29,2 % -ын, МеБҚ-мен тікелей репо – 4,9 млрд теңгені немесе 0,1 %-ды құрады.

Сәуірдің соңына қарай TONIA индикаторы (Биржада МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,91 %- дан 14,23 %- ға дейін 32 б.т. өсті.

TRION индикаторы (бір күн ішінде Биржада Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,95 %- дан 14,20 %- ға дейін 25 б.т. өсті.

TWINA индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,91 %-дан 14,39 %- ға дейін 48 б.т. өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі сәуірде 7,5 трлн теңгені құрады, бұл наурыз айындағы көлемнен 2,3 трлн теңгеге немесе 43,1 %-ға жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 342,9 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 68, бір мәміленің орташа көлемі – 5,0 млрд теңгені құрады.

Валюталық своп құрылымында 7,5 трлн теңге немесе валюталық своп операциялары көлемінің 99,2 %-ы USDKZT своптарына тиесілі болды; 57,1 млрд теңге немесе 0,8 % на RUBKZT-ке тиесілі.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 296,2	5 146,8	30,4 %
	USDKZT_0_002	5 173,5	11 593,7	68,6 %
	USDKZT_1_001	9,1	20,3	0,1 %
	USDKZT_0_01W	7,4	16,8	0,1 %
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	0,3	70,4	<0,1 %
	RUBKZT_0_002	48,1	10 000,0	0,6 %
	RUBKZT_1_001	8,7	1 804,6	0,1 %

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі сәуірдің аяғында бір айда 155 б.т. ұлғайып, жылдық 10,60 % құрады. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі сәуірде 169 б.т., жылдық 11,93 % дейін ұлғайды.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына жеткізілімсіз фьючерстер, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамы, "Қазақстан

Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары және KASE Индексі саудаға қолжетімді.

2024 жылдың сәуірінде деривативтер нарығында 4 756,60 теңге сомасында ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына фьючерске бір мәміле жасалды. 01 мамырда деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.